

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.01.45

<https://doi.org/10.48081/JUAP1704>***А. К. Курманова¹, Ш. К. Курманбаева²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.**ҚАТЫСЫМДЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ
МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Бұл мақалада қатысымдық бағдарлы оқытуға қатысты «коммуникация», «коммуникативтік» терминдері, сондай-ақ тілдік коммуникация, қатысымдық қызмет, қатысымдық оқыту, қатысымдық әдіс, қатысымдық бағыт, тілдік қатынас мәселелері жан-жақты қарастырылды. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында зерттеу тақырыбына қатысты авторлардың көзқарастары мен пікірлеріне шолу жасалды. Сонымен қоса теорияға негізделген ғылыми еңбектер зерделенді. Қатысымдық бағыттың бүгінгі заман талабы екенін айта отырып, қатысымдық бағдарлы оқытудың өзектілігі танытылды. Қатысымдық әдістің лингвистикалық негіздерін анықтаудағы коммуникативтік лингвистиканың идеялары көрсетілді. Әдістің психологиялық тұжырымдамасына орай адам іс-әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасатын іс-әрекеттің субъектісі ретінде қаралды. Әр түрлі әдіскер-ғалымдардың қатысымдық оқытудың негізгі әдістемелік ұстанымдары сипатталды. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін жасаған профессор Ф. Ш. Оразбаеваның ой-тұжырымдары келтірілді. Сонымен қатар қатысымдық бағыттың әуел баста тілді жасалды деп оқытудың негізгі әдісі ретінде қалыптасқаны айтылды. Қатысымдық бағдарлы оқытудың нәтижесі – тілдік қатынас екенін айта отырып, тілдік қатынас, қатысымдық қызмет ұғымдарына берілген анықтамалар талданды. Қорытындыда қатысымдық бағдарлы оқытудың маңызы тұжырымдалды. Қатысымдық бағдарлы оқыту бағытының тиімділігі дәлелденді. Тілді қатысымдық тұрғыдан меңгерудің мәні мен маңызы айқындалды.

Кілтті сөздер: қатысымдық бағдарлы оқыту, коммуникация, қатысымдық әдіс, қатысымдық қызмет, ұстаным.

Кіріспе

Бүгінгі әлем – ашықтық әлемі, бүгінгі қажеттілік сан салада қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Тығыз қарым-қатынасты тілсіз орнату мүмкін емес, ал өмір талабы тілді тек объект, нысан ретінде емес, қажеттілік, тілдесу құралы ретінде меңгерту болып отыр. Осы орайда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы жаңаша көзқарастың бірі – тіл үйренушінің өз ойын дұрыс жеткізе білу іскерлігін қалыптастыра отырып, тілді өмір қажетіне лайықты қатынас құралы ретінде пайдалана білуге үйрету. Бұл тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын дамытып, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырады, тілдесуші тұлғалардың білім деңгейі мен аясын ескере отырып, танымдық қызығушылығын оятады. Тілді үйретуге қойылатын жаңа талаптар қазақ тілін оқытудың жалпы әдістемесін де, нақты әдістері мен тәсілдерін де шұғыл және түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Тіл үйрету қатысымдық тұрғыда жүзеге асырылуы тиіс. Себебі қатысым – адамдардың қарым-қатынас жасауының басты тетігі. Осы тұрғыда, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бір жолы, тілді үйретудегі жаңа ізденіс – қатысымдық бағдарлы оқыту болмақ.

Тілді оқыту осы кезеңге дейін қазақ тіл ғылымының жүйелілік-құрылымдық тұрғысынан оқыту ретінде белсенді зерттелгені белгілі. Тіл және дидактика ғылымындағы антропоцентристік парадигмаға сәйкес тілді қатысымдық бағдарлы оқыту назардан тыс қалып келді. Білім алушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі де өз шешімін толық тапқан жоқ. Оған бірден-бір себеп білім алушылардың тілдік, қатысымдық құзыреттілігінің, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларының жеткілікті дәрежеде қалыптаспағандығы болды. Тілді үйрету барысында берілген теориялық білім мен дайын тілдік модельдерді (синтаксистік конструкциялар, коммуникативтік актіге қажетті сөздік қорды) шеберлікпен тоғыстырып, сөйлеу әрекетінде пайдалану машығы дамымағаны айқын көрінді. Бұл тілдің теориялық негіздерін тану мен тілді практикалық меңгеру арасындағы байланыс мәселесі әлі де қатысымдық тұрғыдан шешімін таппағанын көрсетеді. Сондықтан осы мақалада қарастырылып отырған мәселе ғылыми тұрғыдан сараптап, зерделеуді қажет етеді. Сонымен қатар өз кезегінде осы тақырыптың өзектілігін де танытады.

Материалдар мен әдістер

Тілді қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесімен айналысқан ғалымдар қатарында А.С. Пушкин атындағы орыс тілі институтының өкілдері А. А. Леонтьев, В. Г. Костомаров, О. Д. Митрофанова, А. Н. Щукин, М. Н. Вятютнев, Э. Ю. Сосенко, жеке тұлғаның резервтік мүмкіндіктерін белсендіру әдісінің өкілі Г. А. Китайгородская, психологтар мен әдіскерлер

Э. П. Шубин, П. Б. Гурвич, И. Л. Бим, Г. В. Рогова, И. А. Зимняя, В. Л. Скалкин, Б. А. Лapidус, Н. И. Гез, Е. И. Пассовтарды атауға болады. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде аталған бағыттың ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екендігін дәлелдеді. Ал қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін профессор Ф. Ш. Оразбаева ұсынды. Ғалым еңбектерінде оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттері сөйлеу және ойлау механизмі аспектілерінің әдістемелік жүйесі ретінде қаланды. Сондай-ақ А. М. Мұратбекова, С. Нұрғали, . Е. Рахимбаева, К. Маселова, Ш. Қ. Құрманбаевалардың еңбектерінде осы бағыттағы зерттеулер өз жалғасын тапты.

Осы мақаланы жазу барысында қатысымдық бағдарлы оқыту терминдерінің мәнін ашу, қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуіне шолу жасау, қатысымдық бағдарлы оқытудың ұстанымдары мен ғылыми негіздерін айқындау, тілді қатысымдық тұрғыдан меңгертудің маңызын анықтау мақсатында ғылыми зерттеудің сипаттау, жүйелеу, сыни талдау және қорыту әдістері басшылыққа алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ тілін үйрету үдерісінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ең тиімді жолы – қатысымдық бағдарлы оқыту. Оның мақсаты – оқытылатын тілдің грамматикасы мен лексикасын игерту ғана емес, сол тілде қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту. Білім алушылар тілдік формаларды біліп қана қоймай, оларды нақты қарым-қатынас мақсатында қалай қолдану керектігін үйренеді. Оқыту түрі білім алушыларды тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдейді. Яғни, қатысымдық бағдарлы оқытуда белгілі бір тіл туралы білім берілмейді, керісінше сол тілді қолдана отырып, қарым-қатынас жасау көзделеді, тілдік коммуникация жүзеге асады.

Қатысымдық бағдарлы оқытудың ғылыми ұғымдарына талдау жасау мақсатында байланыс, қатынас деген мағынаны білдіретін латын тілінен енген «коммуникация» (communicatio) терминіне тоқталамыз. Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде бұл термин «коммуникация», «коммуникатив» деген нұсқаларда өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап кездеседі. Тілшілер бұл сөзді тілдің әлеуметтік-қоғамдық қызметіне қатысты қолданады. Мәселен «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде «коммуникация» сөзі «жол қатынасы», «байланысы» деп берілсе [1], «Қазақ тілі» сөздігінде «коммуникациялық» деген сын есім көрсетілген және «қатынастық, қарым-қатынастық» деп берілген [2]. Т. Жанұзақовтың басқаруымен жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде коммуникацияға мынадай түсінік

берілген: «Коммуникация – жол қатынасы, бір орынның басқа орынмен байланысы, байланыс желісі» [3, 399]. Орыс тіл білімінде, атап айтсақ, В. Дальдің түсіндірме сөздігінде: «1. «коммуникация» ж.р., франц. сообщение, пути, дороги, средство связи мест.; 2. «коммуникационный» – к сообщениям относящийся», – деген түсінік берілсе [4], Н. Д. Ушаковтың түсіндірме сөздігінде: «1. «коммуникация» – сообщение, связь одного места с другим; 2. «коммуникация» – сообщение, передача мыслей», – деген анықтама берілген [5]. Аталған еңбектерде «коммуникация құралы – сөз» деп анықталады. Сондай-ақ «коммуникация» ұғымының әуелде тек қана «жол қатынасы», «байланыс» мағынасын білдіргенін, «ойды жеткізу» мағынасының барлық еңбектерде көрініс таппағанын байқаймыз.

Көптеген тілдерде ортақ термин ретінде қолданылатын «коммуникация» сөзі көп мәнді болғандықтан, әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым-қатынас тәсілдері; ақпарат алу, өңдеу жеткізу және сақтау процестерінің жиынтығы; екі және одан да көп адамдардың өзара түсінісуге негізделген байланысы: бір-бірінен ақпарат, мәліметтер алмасуы; басқару жүйесінің әр түрлі бөлігіндегі тікелей байланыс мүмкіндігі деп те түсіндіріледі әрі адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды білдіруі арқылы мағынасы кеңейеді. Сонымен қатар, «коммуникация», «коммуникативтік» терминінің мәні соңғы жылдары лингвистика шеңберінен де асып түсіп, басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылуда. Бастапқыда жол қатынасына байланысты ғана қолданылған сөздің мағынасы уақыт өте келе тілге, сөйлеуге қатысты тереңдей түссе, бүгінгі күнде «қоғамдық коммуникация» – қоғамдық байланыс, қоғамдағы қарым-қатынас; «саяси коммуникация» – саяси өмірдегі қарым-қатынас деген мағыналарда да қолданылуда. Бұл қолданыстар сөздің біріншіден, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуіне негізделетінін дәлелдей түседі. Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның түсінісуі, топтың түсінісуіне, топтың пікір алысуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан адамзат тілінің қоғамдық, әрі әлеуметтік қызметі, «коммуникативтік» терминінің әлеуметтік сипаты пайда болды. Тілдік коммуникация өзара түсіністік қалыптастырады, сол арқылы қарым-қатынас орнатады. Бұл жөнінде ғалым Г. В. Колшанский: «Языковая коммуникация – это прежде всего общение с помощью языка в целях установления взаимопонимания», – десе [6, 18], зерттеуші И. М. Кобозева: «...это способ передачи мысли посредством языка, объективируемый в форме речевого акта – этого элементарного звена речевого общения», – деп, процесті сөйлесуге қатысты қарым-қатынаспен байланыстырады [7, 11].

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі – қатысымдық қызмет. Қатысымдық қызмет бойынша хабар таратушы мен хабар қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра отырып, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады. Н. А. Слюсарева қатысымдық және танымдық қызметтерді «тілдің екі басты, базалық қызметтері» деп санаса [8, 564], Н. Д. Арутюнова, Г. В. Степанов тілдің қатысымдық қызметін оның пайда болуының жалғыз себебі ретінде қарастырады [9, 410]. Осы тұрғыда, тіл адамдарға қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етуге арналған. Сондықтан Н. Д. Арутюнова тілдің қызметі оның пайда болуы мен конституциялық қасиетін алдын-ала анықталған негіз деп таниды [10, 610]. Аталған көзқарасты әдіскер Ричардс пен Роджерс те қолдайды. Олар тілдің кейбір сипаттамаларын өзгертіп, тілдің бастапқы функциясы – өзара әрекеттесу мен байланысты қамтамасыз етеді деген болатын. Сол себепті тілді оқыту барысында оның қатысымдық қызметін ескеру қажет. Осыдан келіп тілдерді коммуникативтік бағдарлы оқыту немесе тілдерді оқытудағы коммуникативтілік идеясы туындады. Әлемнің әр түрлі елдерінде бір уақытта дерлік осы теорияға сәйкес жасалған ғылыми еңбектер пайда болды. Қатысымдық оқытуға деген қызығушылық орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде де болды. Осы бағытта белсенді қарым-қатынас ұстанымына негізделген В. Г. Костомаров пен О. Д. Митрофанованың әдістемелік құралы жарыққа шықты. Оның мазмұны оқытудың практикалық бағыттылығын, тілдік материалды іріктеу мен берудегі функционалдық көзқарас, оқу материалын ситуациялық-тақырыптық тұрғыда ұсыну, синтаксистік негізде лексика мен морфологияны зерделеу, оқу материалының концентрлік орналасуы және оқытудың бірнеше кезеңдерін бөліп көрсету, оқушылардың ана тілін есепке алу сияқты нақты әдістемелік ұстанымдарды қамтыды. 70-ші жылдардан бастап қатысымдық оқыту Е. И. Пассов және оның әріптестері мен шәкірттерінің ғылыми зерттеу нысанына айналды. Олар «коммуникативті әдіс» терминін ұсынды, оның теориялық негіздемесін бірқатар монографиялар мен ғылыми еңбектерде жариялады. Бастапқыда бұл әдіс сөйлеуді үйретуге арналды. Ал қазіргі уақытта оның қолданылу аясы едәуір кеңейді. Онда сөйлеу әрекетінің барлық түрлері қолданылады: өнімді (сөйлеу, жазу) және рецептивті (тыңдау, оқу). Алайда, әдіс арқылы шешілетін бірінші кезектегі міндет ауызша сөйлеу дағдыларын игеру болып қала береді, ал басқа мақсаттарға жету көмекші болып табылады. Е. И. Пассов қатысымдық әдісті сипаттауға арналған жұмысында бұл әдіс алдыңғы әдістердің барлық жақсы жақтарына сүйенеді деген болатын [11]. Бірақ 70–80 жылдарда шыққан еңбектер бұл әдістің аудиовизуалды әдіске жақын екендігін көрсетті. Себебі қатысымдық оқыту мәселесімен

айналысқан ғалымдар М. Н. Вятютнев, Э. Ю. Сосенко, Л. Л. Вохмина бұдан ертеректе аудиовизуалды оқулық жасаумен шұғылданған еді.

Коммуникативтік әдістің лингвистикалық тұжырымдамасы 1970-жылдары коммуникативтік лингвистикаға негізделді. Оның лингвистикалық негіздерін анықтауда коммуникативтік лингвистиканың келесі идеялары қарастырылды:

- 1) байланыс (оқыту) бірлігі сөйлеу актілері (бекіту, сұрау, сұрақ және т.б.);
- 2) сөйлеу әрекеті мазмұнын ұйымдастыратын және реттейтін сөйлеушінің ниеті сөйлеу актілерін таңдау бірлігі;
- 3) қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеру оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды, яғни қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді дұрыс қолдана білу;
- 4) коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру сөйлеу ниетінің пайда болуына және сөйлеу актілерінің орындалуына ынталандыру ретінде қызмет ететін мұқият таңдалған қарым-қатынас жағдайы.

Ал әдістің психологиялық тұжырымдамасы орыс психологиялық мектебі әзірлеген оқытуға деген тұлғалық-әрекеттік тәсілге сүйенді. Бұл тәсілдің негіздері С. Л. Рубинштейн мен А. Н. Леонтьевтің еңбектерінде қаланды, онда адам іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырылды. И. А. Зимняның айтуынша, оқытудың бұл тәсілі «білім алушылардың ішкі резервтерін жандандыруға және оның оқу қызметін оңтайландыруға бағытталған» [12, 53]. Сондықтан мұндай тәсілді осы үдерістің тиімділігін арттырудың қажетті шарты ретінде қарастыруға болады. Э. В. Шорохованың пікірінше, жалпы анықтамаға сәйкес жеке көзқарас барлық психикалық процестер, қасиеттер белгілі бір адамға тиесілі, олар адамның жеке және әлеуметтік болмысына тәуелді әрі оның заңдылықтарымен анықталады [13, 27].

Ресейде қатысымдық оқытудың негізгі әдістемелік ұстанымдарын Е. И. Пассов, В. Г. Костомаров, О. Д. Митрофанова В. Л. Скалкин, Н. И. Гез, Б. А. Лapidус және т.б. ғалымдар қарастырған. Аталған еңбектерге сүйене отырып, қатысымдық бағдарлы оқытудың келесі ұстанымдарын айқындаймыз:

Оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін оның жеке аспектісінің жетекші рөлімен ескеру ұстанымы оқу-жаттығуды ынталандыру және сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру кезінде басшылыққа алынады. Онда тілді үйренудің табиғи қабілеттері (есту немесе көру жадының басым болуы, фонемалық есту деңгейі, жалпылау алу қабілеті), оқу әрекетінің пән ретіндегі қасиеттері (оқу қабілеттерінің әртүрлілігі), қызығушылықтары, дүниетанымы, қоғамдағы және ұжымдағы орны бойынша жеке қасиеттері ескеріледі. Оқу материалының таныстырылымын

барлық деңгейде функционалдық тұрғыдан іріктеу ұстанымы байланыс процесіне сәйкес келетін материалды таңдауды және берілген білімнің сөйлеу құралдары жүйесін игеру міндеттеріне сәйкестігін анықтайды. Оған сабақ материалына тек ережелер мен нұсқауларға сәйкес келетін практикалық тілді білу үшін қажетті ақпарат кіреді. Оқыту үдерісінің жағдаяттылығын сөйлеуді ынталандыру әдісі ретінде де, сөйлеу дағдысын дамыту шарты ретінде де қарастыру ұстанымы оқу сабақтарындағы жағдайды іріктеу және ұсыну қарым-қатынастың нақты тақырыптарымен анықталады. Жаңашылдық ұстанымы – ең маңызды ұстанымның бірі. Сондықтан ол қарым-қатынас тақырыбы мен жағдайларының үнемі өзгеруімен сипатталады. Сөйлеу дағдыларының икемділігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдай мен қарым-қатынас материалының үнемі өзгеруіне, сондай-ақ шешуге тиіс сөйлеу мәнерінің сипатына байланысты. Осы ұстанымдар қатысымдық бағдарлы оқытуда оқу материалын жүйелеу кезінде басшылыққа алынады. Бұған қатысты Е. И. Пассов: «Оқу материалын коммуникативтік бағытта ұйымдастыру мәселесі әзірге теориялық тұрғыда және оның айтылым әрекетін үйретуге қатысты проблемалар тұрғысынан ғана қарастырылған. Ал сөйлеу әрекетінің барлық түріне қатысты коммуникативтік әдістің барлық деңгейлерде жүзеге асырылуы әлі шешімін таппаған», - деп, аталмыш мәселенің өзектілігін көрсетеді [11,70]. Тұжырымдай келгенде, қатысымдылыққа бағытталған ұстаным тіл үйренушінің ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай алуы үшін қажетті коммуникативтік мүмкіндіктерін тудыруға бағытталған оқытуда негізге алынады. Ол оқу жұмысының алдына қойған мақсаттарын айқындауға септігін тигізеді.

Отандық тіл білімінде қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін ұсынған профессор Ф. Ш. Оразбаева: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі», – деген анықтама береді [14, 188]. Оның өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін көрсете келе, қатысымдық әдістің ең басты айырмашылығы – екі үлкен ғылымның басын біріктіріп, «қатысымдық лингвистика», «қатысымдық әдістеме» ұғымдарының пайда болуы деп көрсетеді.

Қазіргі таңда тілді оқытудың ең басты бағыты – қатысымдық бағыт. Профессор Ш. Қ. Құрманбаеваның анықтауынша, қатысымдық бағыт әуел баста тілді жеделдету оқытудың негізгі әдісі ретінде қалыптасты [15, 226]. Ол дайын сөйлемдерді жаттатқызу, тілдік материалды саналы түрде

менгермей, көбінесе ойланбастан қайталауға негізделгенмен, бірте-бірте оқыту мазмұны, әдіс-тәсілдері өзгеріп, толығып отырды. Сондықтан тілді қатысымдық тұрғыдан менгертуге тілшілер де, әдіскер-ғалымдар да, ұстаздар да ерекше назар аударып отыр. Тіл үйретудегі бүгінгі уақыт сұранысынан туып отырған, заман талабына жауап бере алатын бірден-бір дұрыс бағыт екендігі сөзсіз дәлелденген қатысымдық бағыт енді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тереңдей зерттеп, жетілдіре түсуді талап етуде.

Қатысымдық бағдарлы оқытудың соңғы мақсатты нәтижесі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы деген сөз. Осы тілдік қатынас бойынша зерттеу жүргізіп, оның тілдерді оқытудағы тиімділігін көрсеткен, тілдік қатынастың тұжырымын жасаған ғалым Ф. Ш. Оразбаеваның пікіріне сүйенсек, тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді [16, 44]. Берілген анықтамадан көріп отырғанымыздай, тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс. Сондықтан да тілді қатысымдық тұрғыдан менгертудің алатын орны ерекше.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың негізінде шетелдік, отандық әдіскер-тілші ғалымдардың қатысымдық бағдарлы оқыту бағытындағы зерттеулеріне жасалған талдауларымыз қатысымдық бағдарлы оқытудың үлкен мектебі қалыптасқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қатысымдық әдістің лингвистикалық және психологиялық тұжырымдамаларының ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Қатысымдық әдістің аудиовизуалды және жеделдете оқыту әдістерінің негізі ретінде қалыптасуы болашақ зерттеулерімізде осы әдістерге жіті назар аударуымызға себепкер болады. Зерттеуімізде негізгі басымдық берген әдіскер-ғалым Е. И. Пассов еңбектері қатысымдық бағдарлы оқытудың басты ұстанымдарын айқындауымызға мүмкіндік берді. Қатысымдық әдістің ғылыми негіздерін айқындауға бағытталған талдауларымыз нәтижесінде қатысымдық бағдарлы оқытудың ғылыми ұғымдарының мәніне тереңдей бойлап, қатысымдық лингвистика, қатысымдық әдістеме ұғымдарының ғылымдар тоғысындағы кешенді түсінік екендігіне көз жеткіздік. Жүргізілген зерттеулеріміз қатысымдық бағдарлы оқыту тіл үйретудегі ең тиімді жол екенін дәлелдей түсті.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін]. Т. 5. – Алматы : Ғылым, 1980.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том / жалпы редакциясын басқарған академик Ісмет Кенесбаев [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1959.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов [Мәтін]. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4 **Даль, В. И.** Толковый словарь [Текст]. – М. : Гослитиздат, 1935. – Т. 1–4. – С. 537–561.
- 5 Толковый словарь русского языка / Под ред. проф. Н.Д. Ушакова [Текст]. – Т. 1. – М. : ОГИЗ, 1935. – 1562 с.
- 6 **Колшанский, Г. В.** Коммуникативная функция и структура языка [Текст]. – М. : Наука, 1984. – 176 с.
- 7 **Кобозева, И. М.** Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. XVII. [Текст]. – М. : Прогресс, 1986. – С. 7–21.
- 8 **Слюсарева, Н. А.** Функции языка. Лингвистический энциклопедический словарь / Главный редактор В. Н. Ярцева [Текст]. – М. : Советская энциклопедия, 1990. – 706 с.
- 9 **Арутюнова, Н. Д., Степанов, Г. В.** Язык [Текст] // Русский язык: энциклопедия. – М., 1979. – С. 410–412.
- 10 **Арутюнова, Н. Д.** Язык [Текст] // Русский язык : энциклопедия. – М. : Большая Российская Энциклопедия. – Дрофа, 1997. – С. 652–658.
- 11 **Пассов, Е. И.** Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: пособие для учителей иностр. языка [Текст]. – М. : Просвещение, 1985. – 208 с.
- 12 **Зимняя, И. А.** Личностно-деятельностный подход в обучении русскому языку как иностранному [Текст] // Русский язык за рубежом. – М., 1985. – № 5. – С. 49–53.
- 13 **Шорохова, Э. В.** Психологический аспект проблемы личности [Текст] // Теоретическое проблемы психологии личности / Отв. ред. Е. В. Шорохова. – М. : Наука, 1974. – С. 3–33.
- 14 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас : теориясы және әдістемесі : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.
- 15 **Құрманбаева, Ш. Қ.** Қазақ тілін жеделдете оқыту : теориясы мен әдістемесі : монография [Мәтін]. – Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 б.

16 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас негіздері : оқулық [Мәтін]. – Алматы : Print-S, 2005. – 147 б.

REFERENCES

1 Kazak tilinin tusinderme sozdigi. T. 5 [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language. Vol. 5] [Text]. – Almaty : Gylym, 1980.

2 Kazak tilinin tusinderme sozdigi. 1-tom / zhalpy redaktsiyasyn baskargan akademik Ismet Kenesbayev [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language. Volume 1. / Edited by academician Ismet Kenesbayev] [Text]. – Almaty : Gylym, 1959.

3 Kazak tilinin tusinderme sozdigi / Zhalpy redaktsiyasyn baskargan T. Zhanuzakov. [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language / by the leadership of T. Zhanuzakov] [Text]. – Almaty : Dike-Press, 2008. – 968 p.

4 **Dal, V. I.** Tolkoviy slovar. [Explanatory Dictionary] [Text]. – Moscow : Goslitizdat, 1935. – Vol. 1–4. – P. 537–561.

5 Tolkoviy slovar russkogo yazyka / Pod redaktsiyei prof. N. D. Ushakova. – T. 1. [Explanatory Dictionary of the Russian language. Edited by prof. N. D. Ushakov] [Text]. – Vol. 1. – Moscow : OGIz, 1935. – 1562 p.

6 **Kolshanskiy, G. V.** Kommunikativnaya funktsiya I struktura yazyka [Communicative function and language structure] [Text]. – Moscow : Nauka, 1984. – 176 p.

7 **Kobozeva, I. M.** Teoriya rechevyh aktov kak odin iz variantov teorii rechevoi deyatel'nosti // Novoye v zarubezhnoi lingvistike. – Vyp. XVII [The theory of speech acts as one of the variants of the theory of speech activity// New in foreign linguistics. – Issue XVII] [Text]. – Moscow : Progress, 1986. – P. 7–21.

8 **Slyusareva, N. A.** Funktsii yazyka. Lingvisticheskiy entsiklopedicheskiy slovar / Glavniy redaktor V. N. Yartseva [Language functions. Linguistic encyclopedic dictionary/ Chief editor V.N. Yartseva] [Text]. – Moscow : Soviet encyclopedia, 1990. – 706 p.

9 **Arutyunova, N. D., Stepanov, G. V.** Yazyk [Language] [Text] // Russkiy yazyk: entsiklopediya. – Moscow, 1979. – P. 410–412.

10 **Arutyunova, N. D.** Yazyk [Language] [Text] // Russkiy yazyk : entsiklopediya. – Moscow : Bolshaya Rossiyskaya Entsiklopediya. – Drofa, 1997. – P. 652-658.

11 **Passov, E. I.** Kommunikativniy metod obucheniya inoyazychnomu govoreniyu : posobie dlya uchitelei inostr. yazyka [Communicative method of teaching foreign speaking : a manual for foreign language teachers] [Text]. – M. : Prosveschenie, 1985. – 208 p.

12 **Zimnyaya, I. A.** Lichnostno-deyatelnostniy podhod v obuchenii russkomu yazyku kak inostrannomu [Personal-activity approach in teaching Russian as a foreign language] [Text] // Russkiy yazyk za rubezhom. – Moscow, 1985. – № 5. – P. 49–53.

13 **Shorohova, E. V.** Psihologicheskiy aspect problem lichnosti [Psychological aspect of the personality problem] [Text] // Teoreticheskiye problemy psihologii lichnosti / Otv.red. E.V. Shorohova. – Moscow : Nauka, 1974. – P. 3–33.

14 **Orazbayeva, F. Sh.** Tildik katynas : teoriyasy zhane adistemesi : oku kuraly [Language communication : theory and methodology : textbook] [Text]. – Almaty : Y. Altynsarin atyndagy Kazaktyn bilim akademiya synyn Respublikalyk baspa kabinyety, 2000. – 208 p.

15 **Kurmanbayeva, Sh. K.** Kazak tilinin zhedeldete okytu : teoriyasy men adistemesi : monografiya [Accelerated learning of the Kazakh language: theory and methodology : monograph] [Text]. – Oskemen : S. Amanzholov atyndagy ShKMU baspasy, 2012. – 278 p.

16 **Orazbayeva, F. Sh.** Tildik katynas negizderi : okulyk [Basics of language communication : textbook] [Text]. – Almaty : Print-S, 2005. – 147 p.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

*А. К. Курманова¹, Ш. К. Курманбаева²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМЫ КОММУНИКАТИВНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ

В данной статье подробно рассматриваются вопросы коммуникации, коммуникативные термины, а также языковая коммуникация, коммуникативная деятельность, коммуникативное обучение, коммуникативная методика, коммуникативная направленность, языковое общение в рамках коммуникативно-направленного обучения. В ходе реализации цели и задач статьи проводится обзор исследований в данном направлении, анализируются взгляды и гипотезы ученых. Также был проведен обзор научных трудов по теме исследования. Говоря о том, что коммуникативная направленность обучения является требованием времени, подчеркивается актуальность коммуникативно-

направленного обучения. Излагаются идеи коммуникативной лингвистики в определении лингвистических основ коммуникативного метода. Согласно психологическому обоснованию метода, человек рассматривается как субъект действия, формирующийся в процессе деятельности и общения. Охарактеризованы основные методологические подходы коммуникативной направленности обучения различных ученых-методистов. Рассматриваются и идеи профессора Ф. Ш. Оразбаевой, которая одной из первых в казахской лингвистике дала научное обоснование коммуникативному методу. Также отмечается, что коммуникативный подход изначально формировался как основной метод ускоренного изучения языка. Исходя из того, что результатом коммуникативно-направленного обучения является языковое общение, поясняются такие определения как языковое общение, коммуникативная деятельность. В заключении говорится о важности коммуникативной направленности обучения. Утверждается, что коммуникативная направленность обучения является эффективной. Подчеркивается значимость коммуникативной направленности обучения языкам.

Ключевые слова: коммуникативная направленность обучение, коммуникация, коммуникативный метод, коммуникативная деятельность, принцип.

**А. К. Kurmanova¹, Sh. K. Kurmanbayeva²*

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 17.03.22.

RESEARCH OF THE PROBLEM OF COMMUNICATIVE ORIENTATION OF LEARNING

This article discusses in detail the issues of communication, communicative terms, as well as language communication, communicative activity, communicative teaching, communicative methodology, communicative orientation, language communication within the framework of communicative-oriented training. In the course of the realization of the purpose and objectives of the article, a review of research in this direction is conducted, the views and hypotheses of scientists are analyzed. A review of scientific papers on the research topic has been also carried out. Speaking about the fact that the communicative orientation of training is

a requirement of time, the relevance of communicative-oriented training is emphasized. The ideas of communicative linguistics in determining the linguistic foundations of the communicative method are presented. According to the psychological justification of the method, a person is considered as a subject of action, formed in the process of activity and communication. The main methodological approaches of communicative-oriented teaching, of various methodologists are characterized. The ideas of Professor F. S. Orazbayeva, who was one of the first in Kazakh linguistics to give a scientific justification to the communicative method, are also considered. It is also noted that the communicative approach was initially formed as the main method of accelerated language learning. Based on the fact that the result of communicative oriented training is language communication, such definitions as language communication, communicative activity are explained. In conclusion, it is said about the importance of communicative oriented learning. The effectiveness of communicative orientation of teaching has been confirmed. The importance of communicative oriented language teaching is emphasized.

Keywords: communicative orientation of training, communication, communicative method, communicative activity, principle.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>